

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 23 маусымдағы N 871 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 4 қазандағы N 1302. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жаппай жекешелендіруді аяқтау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 23 маусымдағы N 871 P950871_ қаулысына /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 22, 255-құжат/ мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда баяндалсын:

"Инвестициялық жекешелендіру қорлары қабылдау пункттерінің халықтан жекешелендіру инвестициялық купондарын қабылдауды аяқтау күні 1995 жылдың 30 қыркүйегі болып белгіленсін";

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Халық банкінің жекешелендіру инвестициялық купондарының қабылдауының ақырғы күні 1995 жылдың 30 қазаны болып белгіленсін";

екінші абзац үшінші абзац болып саналсын;

3 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын; инвестициялық жекешелендіру қорлары 1995 жылдың 30 қазанына дейін инвестиция декларацияларын, сондай-ақ жекешелендіру инвестициялық купондары мен сатып алынған құнды қағаздар бойынша есептерін беруді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

мамандандырылған купон аукциондары аяқталған соң купон иелерінің мүдделерін қорғауды көздейтін инвестициялық жекешелендіру қорларының қызметін реттейтін нормативтік актілер 1995 жылдың 1 қарашасына дейін бекітуге тапсырылсын. екінші абзац төртінші абзац болып саналсын. Мынадай мазмұндағы жаңа 4-тармақпен толықтырылсын: "4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстардың және

Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Халық банкі купондарды қабылдау және мамандандырылған купондық аукциондарды өткізудің аяқталуына байланысты ұйымдастыру-техникалық шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етсін"; 4-тармақ 5-тармақ болып саналсын. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК